

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮҚИЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК
КОРПОРАЦИЯСЫ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК
ҚОҒАМЫНЫҢ НҮР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ БОЙЫНША
ФИЛИАЛЫНЫҢ ЖЫЛЖЫМАЙТІН МҮЛІККЕ ҚҰҚЫҚТАРДЫ
ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҮПГАЛАРДЫ ТІРКЕУ БАСҚАРМАСЫ
ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН
ТОЛЫҚТЫРУЛАР
2022 ж. 17. маусым
БСН 031040000572
№ 14750-1901-КАО-АҚ
Бастапқы тіркелген күні
2023 ж. 20. қазан



«ҚТЖ» ҰК» АҚ
Басқармасының
2022 жылғы 10 маусым
шешіміне 4 қосымшасы
№02/21 хаттама, №4 мәселе

«Қазтеміртранс»
Жалғыз акционерінің
2022 жылғы 10 маусым
№02/21 хаттама шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

**«ҚАЗТЕМІРТРАНС» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ
ЖАРҒЫСЫ**

Нұр-Сұлтан қ., 2022 жыл

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮШІЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК
КОРПОРАЦИЯСЫ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК
ҚОҒАМЫНЫҢ НҮР-СҮЛТАН ҚАЛАСЫ БОЙЫНША
ФИЛИАЛЫНЫҢ ЖЫЛЖЫМАЙТІН МҮДІКЕ ҚҰҚЫҚТАРДЫ
ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТУЛҒАЛАРДЫ ТІРКЕУ БАСҚАРМАСЫ
ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН
ТОЛЫҚТЫРУЛАР
20 22 ж. « 17 » маусым
БСН 031040000572
№ 14750-1901-КАО-АҚ
Басталғы тіркелген күні
2023 ж. « 20 » қазан



«ҚТЖ» ҰК» АҚ
Басқармасының
2022 жылғы 10 маусым
шешіміне 4 қосымшасы
№02/21 хаттама, №4 мәселе

«Қазтеміртранс»
Жалғыз акционерінің
2022 жылғы 10 маусым
№02/21 хаттама шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

**«ҚАЗТЕМІРТРАНС» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ
ЖАРҒЫСЫ**

Нұр-Сұлтан қ., 2022 жыл

1-бап. Жалпы ережелер

1. «Қазтеміртранс» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) осы Жарғысы оның атауын, орналасқан жерін, оның органдарын құру тәртібі мен құзыретін, оның қызметін қайта ұйымдастыру және тоқтату шарттарын және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де ережелерді айқындайды.

2. Қайта тіркеуге дейін «Казжелдортранс» деген атауға ие болған Қоғам 2003 жылдың 5 қыркүйегі (№ 9 Хаттама) «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы директорлар Кеңесі шешімінің және «Казжелдортранс» акционерлік қоғамын құру туралы» 2003 жылдың 9 қазанындағы № 719-Ц «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы Президенті бұйрығының негізінде құрылған.

3. Қоғам Жалғыз акционердің шешімімен бекітілген өткізу актілеріне сәйкес – «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы Басқармасының 2021 жылғы 9 маусымдағы шешімімен (№ 02/20 хаттама) «Локомотивжөндеу» акционерлік қоғамының (заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы 2004 жылғы 24 маусымдағы № 11884-1901-АҚ куәлігі), «Қамқор» жөндеу корпорациясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы 2011 жылғы 03 мамырдағы № 26478-1901-ЖШС куәлігі) барлық құқықтары мен міндеттерінің құқықтық мирасқоры болып табылады.

4. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылады, оның дербес балансы, банктерде шоттары бар, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды сатып алуға және жүзеге асыруға, міндеттеме алуға, сотта талапкер және жауапкер болуға құқылы.

5. Қоғамның өзінің атауы және өз қызметін жүзеге асыру үшін қажетті басқа да деректемелері көрсетілген бланкілері болады.

6. Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңын (бұдан әрі – Заң), өзге де Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін (бұдан әрі – Заңнама), сондай-ақ осы Жарғыны және «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қор), «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – ҚТЖ) және Қоғамның басқа да құжаттарын басшылыққа алады.

7. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысуға, филиалдар (өкілдіктер) құруға құқылы.

2-бап. Қоғамның атқарушы органының атауы және орналасқан жері

8. Қоғамның толық атауы:
- 1) мемлекеттік тілде - «Қазтеміртранс» акционерлік қоғамы;
 - 2) орыс тілінде - акционерное общество «Қазтеміртранс»;
 - 3) ағылшын тілінде - Joint Stock Company «Kaztemirtrans».
9. Қоғамның қысқартылған атауы:
- 1) мемлекеттік тілде - «ҚТТ» АҚ;
 - 2) орыс тілінде - АО «ҚТТ»;
 - 3) ағылшын тілінде - JSC «КТТ».
10. Қоғамның (оның Басқармасының) орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Дінмұхамед Қонаев көшесі, 10.

3-бап. Қоғамның мақсаты мен қызметі

11. Қоғамның негізгі мақсаты – таза табыс алу.
12. Қойылған мақсатқа жету үшін Қоғам келесі қызмет түрлерін жүзеге асырады:
- 1) жүктерді тасымалдау, соның ішінде габаритті емес, арнайы, әскери және қауіпті жүктерді темір жол көлігімен тасымалдау;
 - 2) вагондарды жеткізу және тазалау бойынша қызметтерді көрсету;
 - 3) көліктік-экспедициялық қызметтерді көрсету;
 - 4) вагон операторының қызметтерін көрсету, Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде орналасқан Қоғамға тиесілі вагондардың есебін жүргізу;
 - 5) сыртқы экономикалық қызмет;
 - 6) жүк вагондарын мүліктік жалдауға (жалға) беру;
 - 7) металл сынықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өңдеу, өткізу;
 - 8) жүктік және қаржылық жұмыс;
 - 9) темір жол көлігі саласында ақпараттық қызмет көрсету;
 - 10) жүк вагондарын және олардың тораптары мен бөлшектерін жөндеу;
 - 11) арнайы жасақтардың резервтік материалдары мен мүлкін жасақтау, сақтау саласындағы жұмылдыру тапсырмасын орындауды қамтамасыз ету;
 - 12) автоматтандырылған жүйелерді, тапсырмаларды, жұмыс орындарын және деректерді беру құралдарын қолдау бойынша қызметтерді көрсету;
 - 13) өз мүлкін жалға алу және басқару;

14) көрсетілетін қызметтермен (тауарлармен, жұмыстармен) технологиялық немесе ажырамас байланысты өзге де қызмет түрлері.

13. Заңнамада белгіленген тәртіппен алынуы тиіс лицензияның немесе басқа рұқсат түрінің бар болуын талап ететін қызметтің түрі тиісті лицензиялар немесе рұқсаттардың өзге де түрлерін алғаннан кейін ғана жүзеге асырылады.

4-бап. Жалғыз акционер

14. Қоғамның Жалғыз акционері «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Жалғыз акционер) болып табылады.

5-бап. Жалғыз акционердің құқықтары мен міндеттері

15. Жалғыз акционер құқылы:

1) Заңда және (немесе) Жарғыда белгіленген тәртіппен Қоғамды басқаруға қатысуға;

2) Заңға сәйкес Жалғыз акционердің қарауына шығару үшін Директорлар кеңесіне мәселелер ұсынуға;

3) дивидендтер алуға;

4) Жалғыз акционерде немесе осы Жарғыда айқындалған тәртіппен Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде Қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға;

5) Қоғамның орталық депозитарийінен немесе номиналды ұстаушыдан Қоғамның бағалы қағаздарына оның меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелерді алуға;

6) Қоғамның Директорлар кеңесіне сайлау үшін үміткерлер ұсынуға;

7) Қоғам органдары қабылдаған шешімдерге сот тәртібімен қарсы тұруға;

8) Заңның 63 және 74 баптарында қарастырылған жағдайларда Қоғамның лауазымды адамдарының Қоғамға келтірген залалдарын өтеуін және Қоғамның және (немесе) олардың үлестес тұлғаларының ірі мәмілелер және (немесе) мүдделі мәмілелерді жасасу (жасауды ұсыну) туралы шешімдер қабылдау нәтижесінде олар алған Қоғамға табысын (кірістерін) қайтаруын талап ете отырып, сот органдарына жүгінуге;

9) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұрақтармен жүгінуге және Қоғамға сұраныс келіп түскен күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде дәлелді жауаптар алуға;

10) Қоғам таратылған кезде Қоғам мүлкінің бір бөлігіне;

11) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде

көзделген жағдайларды қоспағанда, Заңда белгіленген тәртіппен Қоғамның акцияларын немесе оның акцияларына айырбасталатын өзге де бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алуға;

12) Заңда белгіленген тәртіппен акциялардың санын өзгерту немесе олардың түрін өзгерту туралы шешімдер қабылдауға;

13) Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;

14) өз қаражаты есебінен Қоғамға аудит жүргізуді талап етуге;

15) Заңнамада белгіленген тәртіппен өз құқықтарын бұзғаны үшін өтемақы алуға.

16. Жалғыз акционер міндетті:

1) акцияларды төлеуге;

2) 10 (он) жұмыс күні ішінде Қоғамның орталық депозитарийіне және (немесе) Жалғыз акционерге тиесілі акциялардың атаулы ұстаушысына Қоғам акционерлерінің тізілімдері жүйесін жүргізу үшін қажетті ақпараттың өзгергені туралы хабарлауға;

3) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, қаржылық немесе заңнамамен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етпеуге;

4) Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде көзделген өзге де міндеттерді орындауға.

17. Қоғам, орталық депозитарий және (немесе) атаулы ұстаушы Жалғыз акционердің Жарғының 16-тармағының 2) тармақшасында белгіленген талапты орындамауының салдары үшін жауапты емес.

6-бап. Қоғамның органдары

18. Қоғамның органдары болып табылады:

- | | |
|-------------------|-----------------------|
| 1) жоғарғы орган | - Жалғыз акционер; |
| 2) басқару органы | - Директорлар кеңесі; |
| 3) атқарушы орган | - Басқарма. |

7-бап. Жалғыз акционердің айрықша құзыреті

19. Қоғам акционерлердің жалпы жиналысын өткізбейді.

Заңнамамен және Жарғымен акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді Жалғыз акционер жеке қабылдайды және жазбаша түрде толтырылады.

Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне кіретін мәселелер бойынша шешімдерді Заңнамаға және Жалғыз акционердің жарғысына сәйкес осындай шешімдерді қабылдауға құқығы бар Жалғыз акционердің органдары қабылдайды.

20. Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне келесі мәселелер кіреді:

- 1) Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оның жаңа редакциясын бекіту;
- 2) Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;
- 3) Қоғамның жарияланған акцияларының санын көбейту немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
- 4) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау, сондай-ақ оларды өзгерту шарттары мен тәртібін айқындау;
- 5) Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;
- 6) бір түрдегі орналастырылған акцияларды басқа түрдегі акцияларға айырбастау туралы шешім қабылдау, осындай айырбастау шарттарын, талаптарын және тәртібін анықтау;
- 7) директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның төрағасы мен мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ директорлар кеңесінің мүшелеріне өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақы төлеу мен шығыстарды өтеу мөлшері мен мерзімдерін айқындау;
- 8) белгіленген тәртіппен Басқарма төрағасының (Бас директордың) өкілеттік мерзімін айқындау, тағайындау (сайлау) және өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 9) Қоғамға аудит жүргізетін аудиторлық ұйымды анықтау;
- 10) жылдық қаржылық есептілікті бекіту;
- 11) Қоғамның есептік қаржы жылындағы таза кірісін бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;
- 12) Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтердің төленбеуі туралы шешім қабылдау;
- 13) Қоғам акцияларының ерікті делистингісі туралы шешім қабылдау;
- 14) Қоғамның басқа заңды тұлғаларды құруға қатысуға немесе активтердің бір бөлігін тапсыру (алу) немесе жалпы сомасы Қоғамның барлық активтеріне тиесілі үлесінен 25 (жиырма бес) пайыз немесе одан да көп бірнеше бөліктерін құрайтын қатысушылар (акционерлер) ретінде басқа заңды тұлғалардың құрамынан шығуға;
- 15) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қоғам ұйымдастырылмаған нарықта акцияларды сатып алған кезде олардың құнын айқындау әдістемесіне (әдістемені бекіту, егер оны Жалғыз құрылтайшы бекітпеген болса) өзгерістерді бекіту;
- 16) Жалғыз акционерге Қоғамның қызметі туралы ақпарат беру тәртібін айқындау;

17) "алтын акцияны" енгізу және күшін жою;

18) Қоғамның ірі мәміле жасасуы туралы шешім қабылдау, нәтижесінде (оның) Қоғам мүлікті иемденеді немесе иеліктен айырады (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін), оның құны мәміле туралы шешім қабылданған күннен Қоғам активтерінің жалпы баланстық құнының елу және одан да көп пайызын құрайды, нәтижесінде (ол) оның активтерінің жалпы баланстық құнының елу және одан да көп пайызы сатып алынады немесе иелігінен шығарылады (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін);

19) Қор тобына кіретін ұйымдармен мәмілені қоспағанда, Заңға сәйкес Қоғамның мүдделі ірі мәміле жасасуы туралы шешім қабылдау;

20) Қоғамның Қор тобына кіретін ұйымдармен мүдделі ірі мәміле жасасуы туралы шешім қабылдау, нәтижесінде (оның) Қоғам мүлікті иемденеді немесе иеліктен айырады (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін), оның құны мәміле туралы шешім қабылданған күннен Қоғам активтерінің жалпы баланстық құнының елу және одан да көп пайызын құрайды, нәтижесінде (ол) оның активтерінің жалпы баланстық құнының елу және одан да көп пайызы сатып алынады немесе иеліктен шығарылады (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін);

21) Жалғыз акционердің компаниялар тобына қолданылатын саясаттарды, әдістерді, стандарттарды және басқа да құжаттарды бекіту;

22) Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережені бекіту;

23) құны Жалғыз акционер белгілеген шекті мәннен асатын Қоғам мүлкін есептен шығаруды келісу;

24) Жалғыз акционер бекітетін тізімге сәйкес Қоғамның ішкі құжаттарын бекіту;

25) басқа сұрақтар, ол сұрақтар бойынша шешім қабылдау Заңмен және (немесе) Жарғымен Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған, оның ішінде ҚТЖ және (немесе) Қор бекіткен құжаттармен Қоғамның Жалғыз акционерінің құзыретіне жатқызылған мәселелер.

21. Олар бойынша шешімдерді қабылдау Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне, басқа органдардың құзыретіне, Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің құзыретіне жатқызылатын сұрақтарды тапсыруға жол берілмейді, егер ол Қазақстан Республикасының Заңымен немесе заңнамалық актілерімен көзделмеген болса.

22. Жалғыз акционер Қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Қоғамның басқа органдарының кез келген шешімін жоюға құқылы.

8-бап. Директорлар кеңесі

23. Директорлар кеңесі Заңмен және (немесе) Жарғымен Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Қоғам қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

24. Егер Заңда басқаша анықталмаса, Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын айқындау және Қоғамның Даму стратегиясын белгіленген тәртіп бойынша бекіту, сондай-ақ Жалғыз акционердің Директорлар кеңесінің тиісті комитетімен келісім бойынша Даму стратегиясының іске асырылуын бақылау;

2) Даму жоспарын (бизнес-жоспарын) бекіту және оның орындалуын бақылау;

3) сұрақтарды Жалғыз акционердің қарауына алдын ала бекіту және ұсыну;

4) орналастыру (сату) туралы шешім қабылдау, соның ішінде жарияланған (сатылған) акциялардың саны, жарияланған акциялар санының шектері, оларды орналастыру (сату) тәсілі мен бағасы туралы;

5) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе өзге де бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

6) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;

7) Қоғамның облигациялары мен туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешім қабылдау;

8) ірі келісімшарттарды келістіру туралы шешім қабылдау және Қоғам мүдделі мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдау, Заңға және осы Жарғыға сәйкес Жалғыз акционер қабылдайтын ірі мәмілелерді қоспағанда;

9) Қоғамның Қор тобына кіретін ұйымдармен ірі мәміле жасасуы туралы шешім қабылдау, оны жасауға мүдделі, в совершении которой (которых) имеется заинтересованность, нәтижесінде (оның) Қоғам мүлікті иемденеді немесе иеліктен айырады (сатып алуы немесе иеліктен айыруы мүмкін), оның құны мәміле туралы шешім қабылданған күннен Қоғам активтерінің жалпы баланстық құнының елу пайызынан азын құрайды;

10) нәтижесінде Қоғам мүлікті сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алатын немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле(лерді)ні жасасуға келіседі, оның құны мәміле туралы шешім қабылданған күннен Қоғам активтерінің жалпы баланстық құнының 3 (үш) пайызынан асады, мыналардан басқасы:

- Заңнамаға немесе осы Жарғыға сәйкес Қоғамның Жалғыз акционерінің немесе Директорлар кеңесінің қарауына ұсынылатын мәмілелер;

- Қордың құжаттарында белгіленген сатып алу рәсімдеріне сәйкес жасалған мәмілелер;

- Қормен, Жалғыз акционермен, сондай-ақ дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы тікелей немесе жанама түрде Жалғыз акционерге тиесілі заңды тұлғалармен жасалған мәмілелер;

11) Жалғыз акционерге Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы мөлшері, анықтау тәртібі және төлеу шарттары туралы ұсынымдар дайындау;

12) Қоғамның Директорлар кеңесінің комитеттерін құру, олар туралы ережелерді бекіту, Қоғамның Директорлар кеңесі комитеттерінің мүшелерін сайлау;

13) Басқарманың сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, сайлау, сондай-ақ Басқарма мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату басқарма төрағасын (бас директорды) қоспағанда;

14) Қоғамның Басқарма төрағасы мен мүшелеріне лауазымдық жалақының мөлшерін және сыйақы мен сыйлықақы беру шарттарын айқындау, олардың қызметін бағалау;

15) Қоғамның Басқарма Төрағасы (Бас директор) және Басқарма мүшелері қызметінің уәждемелік негізгі көрсеткіштерін бекіту;

16) Қоғамның Басқарма төрағасының (Бас директордың) және Басқарма мүшелерінің басқа ұйымдарда жұмыс істеу мүмкіндігіне келісім беру туралы шешім қабылдау;

17) Қоғамның корпоративтік хатшысын тағайындау, өкілеттік мерзімін айқындау, өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Қоғамның корпоративтік хатшысына лауазымдық жалақының мөлшерін және сыйақы мен сыйлықақы беру шарттарын айқындау, корпоративтік хатшы туралы ережені бекіту, корпоративтік хатшының қызметін бағалау, корпоративтік хатшының қызметі туралы жұмыс жоспарлары мен есептерін бекіту (ҚТЖ корпоративтік хатшысының кеңсесімен келісім бойынша);

18) корпоративтік хатшының уәждемелік негізгі көрсеткіштерін және олардың нысаналы мәндерін бекіту;

19) Қоғамның Комплаенс қызметінің (Комплаенс-бақылаушы) қызметкерлерін тағайындау, өкілеттік мерзімін айқындау, өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ лауазымдық айлықақы мөлшерін және еңбекақы және сыйлықақы беру шарттарын айқындау, Қоғамның Комплаенс қызметі (Комплаенс-бақылаушы) туралы ережені бекіту, Қоғамның Комплаенс қызметі (Комплаенс-бақылаушы) қызметкерлерінің қызметін бағалау, Қоғамның Комплаенс қызметінің (Комплаенс-бақылаушы) қызметі туралы жұмыс жоспарлары мен есептерін бекіту;

20) Қоғамның Корпоративтік хатшысының, Комплаенс қызметінің (Комплаенс-бақылаушы) штаттық кестесін бекіту;

21) акциялары (үлестері) тікелей немесе жанама түрде Қоғамға тиесілі заңды тұлғаларда лауазымды тұлғаларды тағайындау бойынша саясатты әзірлеу;

22) атқаратын қызметі біліктілік талаптарын белгілеуді көздейтін негізгі лауазымдардың тізбесін бекіту, тағайындауды келісу, Қоғамның Директорлар кеңесімен олардың қызметін бағалау;

23) қаржылық есептіліктің аудиті бойынша аудиторлық ұйымның, сондай-ақ Қоғамның акцияларын төлеуге берілген немесе ірі мәміленің мәні болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін айқындау;

24) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін Қоғамның Директорлар кеңесі айқындайтын тізбеге сәйкес құжаттарды бекіту (Қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында Басқарма қабылдаған құжаттарды қоспағанда), соның ішінде қоғамның бағалы қағаздарына жазылым мен аукциондарды жүргізу тәртібін анықтайтын ішкі құжатты бекіту;

25) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

26) Қоғамның орталық аппараты қызметкерлерінің жалпы санын және құрылымын бекіту;

27) Қоғамның басқа заңды тұлғалар акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызын сатып алуы (иліктен шығаруы) туралы шешім қабылдау;

28) акцияларының (жарғылық капиталындағы қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызы Қоғамға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушылардың) жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызметке қатысты мәселелер бойынша шешім қабылдау;

29) Қоғамның міндеттемелерін оның меншікті капиталының он және одан да көп пайызына тең сомаға ұлғайту;

30) маңызды және ірі инвестициялық жобалар бойынша, рентабельділігі төмен жобалар, Қазақстан Республикасының Үкіметі бастамашылық еткен және Қордың, ҚТЖ-ның қолданыстағы актілеріне және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес басқа да жобалар бойынша алдын ала шешім қабылдау;

31) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, қаржылық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді анықтау;

32) Директорлар кеңесі мүшелерінің Қоғам қызметі туралы ақпаратты, оның ішінде қаржылық ақпаратты алуының тәртібі мен мерзімдерін айқындау;

33) Қоғамның басқа заңды тұлғалар акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызын сенімгерлік басқаруға беруі туралы шешім қабылдау;

34) Қоғамның есеп саясатын бекіту;

35) Қоғамның тәуекелдерді басқару жөніндегі ішкі рәсімдерін бекіту

(Қоғамның ішкі құжаттарымен Жалғыз акционер Қоғамның басқа органдарының құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда);

36) бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі саласындағы саясатты бекіту;

37) Қоғамның тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің сақталуын қамтамасыз ету және тиімділігін бағалау;

38) Қоғамның корпоративтік басқару тиімділігін бағалау, өз құзыреті шегінде Қоғамның тиісті құжаттарына өзгерістер енгізуді бекіту;

39) өз құзыреті шегінде корпоративтік жанжалдарды және мүдделер қақтығысын реттеуге мониторинг жүргізу және қатысу;

40) Директорлар кеңесінің жұмысы туралы есепті қамтитын Қоғамның жылдық есебін бекіту;

41) Қоғамның Басқармасы туралы ережені бекіту;

42) Заңмен және (немесе) Жарғымен қарастырылған, Жалғыз акционердің айрықша құзыреттілігіне жатпайтын басқа сұрақтар, соның ішінде Қоғамның, ҚТЖ және (немесе) Қормен бекітілген құжаттармен Қоғамның директорлар Кеңесінің құзыреттілігіне жататын сұрақтар.

25. Тізбесі Жарғының осы бабының 24-тармағында белгіленген мәселелер Басқарманың шешіміне берілмейді.

26. Қоғамның сайланған Директорлар кеңесі немесе Қоғамның Директорлар кеңесінің сайланған мүшелерінің жеткілікті санының болмауына байланысты шешім қабылдау үшін қажетті кворум болмаған жағдайларда, Қоғамның айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдау Қоғамның Директорлар кеңесін Қоғамның Жалғыз акционері қабылдайды.

27. Директорлар кеңесі Жарғыға сәйкес Басқарманың құзыретіне жататын мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, сондай-ақ Жалғыз акционердің шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқылы емес.

28. Директорлар кеңесі міндетті:

1) лауазымды тұлғалар мен Жалғыз акционер деңгейінде ықтимал мүдделер қақтығысын бақылауға және мүмкіндігінше жоюға, оның ішінде Қоғамның мүлкін теріс пайдалану және мүддесі бар мәмілелерде теріс пайдалануға;

2) Қоғамдағы корпоративтік басқару тәжірибесінің тиімділігін бақылауды жүзеге асыруға.

29. Аса маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесіне ұсынымдар дайындау мақсатында Қоғамда Директорлар кеңесінің комитеттері құрылуы қажет.

Директорлар кеңесінің комитеттерін құру және жұмыс істеу тәртібі, олардың саны, сондай-ақ сандық құрамы Қоғамның Жалғыз акционердің нормативтік құжаттарын ескере отырып, Қоғамның Директорлар кеңесі бекітетін ішкі құжатымен белгіленеді.

30. Тек жеке тұлға Директорлар кеңесінің мүшесі бола алады.

Директорлар кеңесінің мүшесі Заңға және (немесе) Жарғыға сәйкес өзіне жүктелген функцияларды орындауды басқа тұлғаларға беруге құқығы жоқ.

31. Директорлар кеңесінің мүшелері бәсекелес ұйымдарда жұмыс істеуге құқығы жоқ.

32. Қоғамның Басқарма төрағасын (Бас директорды) қоспағанда, Басқарма мүшелері Директорлар кеңесінің құрамына сайлана алмайды. Қоғамның Басқарма төрағасы (Бас директор) Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

33. Директорлар кеңесінің мүшелеріне және директорлар кеңесінің мүшесіне үміткерлердің тиісті жұмыс тәжірибесі, білімі, біліктілігі, оң жетістіктері және іскерлік және салалық ортада мінсіз беделі болуы керек, ол Жалғыз акционер мен Қоғамның мүддесі үшін барлық директорлар кеңесінің міндеттерін орындау және тиімді жұмысын ұйымдастыру үшін қажет.

34. Директорлар кеңесі Жалғыз акционерге ұсынатын өз қызметі туралы жылдық есептің құрамында Директорлар кеңесінің өзі тәуелсіз деп санайтын әрбір мүшесін көрсетуге міндетті. Директорлар кеңесі шешім қабылдау кезінде Директорлар кеңесі мүшесінің тәуелсіз болған-болмағанын анықтауы, Директорлар кеңесінің мүшесін тәуелсіз деп тану себептерін көрсетуі тиіс, бұл ретте директорлар Кеңесі мүшесінің Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша тәуелсіздіктің белгілеріне сәйкестігін көрсетіп, сонымен бірге директорлар Кеңесін тәуелсіз деп тануға әсер ететіндігін көрсетуі тиіс, егер директорлар Кеңесінің мүшесі:

- 1) соңғы бес жыл ішінде Қоғамның немесе оның еншілес ұйымының қызметкері болған;
- 2) Директорлар кеңесі мүшесінің сыйақысын қоспағанда, Қоғамнан қосымша сыйақы алған немесе алып жатқан;
- 3) басқа ұйымдарда немесе органдарда ұқсас лауазымда болған, басқа ұйымдарда немесе органдарда осындай қатысу арқылы Директорлар кеңесінің басқа мүшелерімен елеулі байланыстары бар;
- 4) Жалғыз акционерді немесе мемлекеттік органдарды ұсынады;
- 5) қатарынан тоғыз жылдан астам Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшесі болған.

35. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде 3 (үш) адам болуы керек. Директорлар Кеңесінің кем дегенде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болуы қажет.

36. Келесідей тұлға директорлар Кеңесінің мүшесі бола алмайды:

- 1) Заңнамада белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған сотталғандығы бар адамдар;
- 2) Белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны мәжбүрлеп тарату немесе акцияларын мәжбүрлеп сатып алу не консервациялау туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан

аспайтын мерзімде алдында директорлар кеңесінің төрағасы бірінші жетекші (басқарма басшысы), жетекшінің орынбасары, басқа заңды тұлғаның бас есепшісі болған. Көрсетілген талап белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны мәжбүрлеп тарату немесе акцияларын мәжбүрлеп сатып алу не консервациялау туралы шешім қабылданған күннен кейін бес жыл ішінде қолданылады.

Директорлар кеңесінің құрамына сайланған тұлғаларға қойылатын өзге де талаптар заңнамамен және (немесе) Жалғыз акционердің шешімдерімен белгіленеді.

37. Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімі бүкіл директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімімен сәйкес келеді және Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің жаңа құрамын сайлау туралы шешім қабылданған кезде аяқталады. Директорлар кеңесінің мүшелері үш жылға дейінгі мерзімге сайланады, кейіннен қызметі қанағаттанарлықтай болған жағдайда тағы үш жылға дейінгі мерзімге қайта сайлануы мүмкін. Алты жыл қатарынан директорлар Кеңесінің құрамына сайланудың кез-келген мерзімі (мысалы, екі жылдық мерзім) Директорлар Кеңесінің құрамын сапалы жаңарту қажеттілігі есебімен ерекше қаралуға жатады. Тәуелсіз директор Директорлар кеңесіне қатарынан тоғыз жылдан артық сайлана алмайды. Ерекше жағдайларда тоғыз жылдан астам мерзімге сайлауға жол беріледі, директорлар Кеңесіне тәуелсіз директорды таңдау жыл сайын осы директорлар Кеңесінің мүшесін сайлау қажеттілігін егжей-тегжейлі түсіндірумен және шешімдерді қабылдау тәуелсіздігіне осы фактордың әсерін түсіндірумен өткізілуі қажет.

38. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімін Қоғамның Жалғыз акционері белгілейді.

Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі Директорлар кеңесінің жаңа құрамы сайланған күні аяқталады.

39. Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

40. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін оның бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесінің жазбаша хабарламасы негізінде жүзеге асырылады. Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі Директорлар кеңесі аталған хабарламаны алғаннан кейін тоқтатылады.

41. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда жаңадан сайланған Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі жалпы директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімінің аяқталуымен бір мезгілде аяқталады.

42. Директорлар кеңесінің төрағасын Жалғыз акционер сайлайды. Жалғыз акционер кез-келген уақытта Директорлар кеңесінің төрағасын қайта сайлауға құқылы.

43. Директорлар кеңесінің төрағасы өз функцияларын Заңға, Жарғыға және Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережеге сәйкес

жүзеге асырады.

Директорлар Кеңесінің төрағасы Заңмен және Жарғымен орнатылған тәртіпте:

- 1) директорлар Кеңесінің жұмысын ұйымдастырады;
 - 2) Директорлар Кеңесінің отырыстарын шақырады және басқарады;
 - 3) Қоғам атынан қаржылық ынталандырудың тікелей тәуелділігін және Қоғамның Даму жоспарының (бизнес-жоспарының) орындалуы мен орындалуының нәтижелеріне Басқарма Төрағасының (Бас директордың) жауапкершілігін қамтамасыз ететін Басқарма Басшысымен (Бас директормен) еңбек келісімшартын бекітеді;
 - 4) Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелерінің сыйақысының мөлшері мен құрамы туралы Жалғыз акционерді хабардар етеді;
 - 5) жыл сайын Жалғыз акционерді Директорлар кеңесінің қызметі туралы хабардар етеді;
 - 6) директорлар Кеңесі отырысының күн тәртібін бекітеді;
 - 7) Директорлар кеңесі мүшелерінің сенімді және анық ақпаратты уақтылы алуын қамтамасыз етеді;
 - 8) Директорлар кеңесі мүшелерінің директорлар кеңесінің қызметіне тиімді үлес қосуын, директорлар кеңесі мүшелері мен Басқарма арасындағы сындарлы қарым-қатынасты қамтамасыз етеді;
 - 9) Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелерінің қызметке кірісу бағдарламасымен қамтамасыз етілуін қамтамасыз етеді;
 - 10) Жалғыз акционермен Қоғамды басқару мәселелерін келіседі;
 - 11) Жалғыз акционермен тиімді байланысты қамтамасыз етеді, сондай-ақ Жалғыз акционердің пікірін Директорлар кеңесіне жеткізеді;
 - 12) Жалғыз акционердің сұрақтарына жауап береді;
 - 13) Қоғам атынан директорлар Кеңесінің тәуелсіз мүшелерімен келісімдерге қол қояды;
 - 14) Заңнамада, Жарғыда және директорлар Кеңесі туралы ережеде көзделген өзге де мәселелерді шешеді.
44. Директорлар Кеңесінің Төрағасы болмаған кезде оның функцияларын директорлар Кеңесінің шешімі бойынша директорлар Кеңесі мүшелерінің бірі орындайды.
45. Директорлар Кеңесінің отырысы оның Төрағасының немесе Басқарманың бастамасы бойынша немесе оның талабы бойынша шақырылуы мүмкін:
- 1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесі;
 - 2) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйым;
 - 3) Жалғыз акционер.
46. Директорлар Кеңесінің жиналысын шақыру туралы өтініш директорлар Кеңесінің Төрағасына директорлар Кеңесінің отырысындағы

күн тәртібін қамтитын сәйкес жазбаша хабарламаны бағыттау жолымен ұсынылады.

Директорлар Кеңесінің Төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда бастамашы директорлар Кеңесінің отырысын шақыруға міндетті Басқармаға көрсетілген талаппен жүгінуге құқылы.

Директорлар Кеңесінің отырысын шақыру туралы өтінішті алған күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей директорлар Кеңесінің Төрағасы немесе Басқарма шақыруы тиіс.

Директорлар Кеңесінің отырысы аталған өтінішті берген тұлғаның міндетті түрде шақыруымен өткізіледі.

Жиналыстың күн тәртібі бойынша материалдар директорлар Кеңесінің мүшелеріне отырыс өткізілетін күнге дейін кемінде күнтізбелік 10 күн бұрын жіберіледі, ал ерекше маңызды мәселелер бойынша директорлар Кеңесі бекіткен тізімге сәйкес кемінде 15 жұмыс күні бұрын жіберіледі.

Мүдделілігі бар ірі келісімшартты және (немесе) келісімді бекіту туралы шешімді қабылдау бойынша мәселені қарастырған жағдайда келісім туралы ақпарат келісімнің тараптары, сипаттамасы және қатыстырылған тұлғалардың қатысу үлесінің көлемі, бағалаушының есебі (бұл жағдайда Заңның 69 бабының 1 тармағында қарастырылған) туралы ақпараттардан тұруы қажет.

47. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы директорлар Кеңесінің мүшелеріне хабарлама жіберу тәртібін директорлар Кеңесі айқындайды.

48. Директорлар Кеңесінің мүшесі өзінің директорлар Кеңесінің отырысына қатысу мүмкін еместігі туралы Басқармаға, директорлар Кеңесінің Төрағасына немесе Корпоративтік хатшыға алдын ала хабарлауға міндетті. Отырысқа қатыспаған директорлар Кеңесінің мүшесі директорлар Кеңесі отырысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша жазбаша хабарлама жіберу арқылы дауыс беруге құқылы.

49. Директорлар Кеңесінің отырысын өткізуге арналған кворум директорлар Кеңесі мүшелері санының жартысынан кем болмауы тиіс.

Осы тармақта белгіленген кворумға қол жеткізу үшін директорлар Кеңесі мүшелерінің жалпы саны жеткіліксіз болған жағдайда, директорлар Кеңесі Жалғыз акционерге директорлар Кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау туралы өтінішпен жүгінуге міндетті.

50. Директорлар Кеңесінің шешімдері отырысқа қатысқан директорлар Кеңесі мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады (оның ішінде директорлар Кеңесінің келмеген мүшелерінің жазбаша пікірлерін ескере отырып), немесе сырттай дауыс беруге қатысу арқылы қабылданады, егер заңда өзгеше көзделмесе.

51. Директорлар Кеңесі өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы, оған Директорлар Кеңесінің мүшелері ғана қатыса алады.

52. Директорлар Кеңесінің мүшелері видеоконференция (интерактивті аудиовизуалды байланыс), конференциялық-байланыс («телефондық жиналыс» тәртібіндегі директорлар Кеңесі мүшелерінің бір уақыттағы сөйлесулері) және басқа да байланыс құралдары арқылы, егер осы директорлар Кеңесі мүшесі басқа директорлар Кеңесінің отырысындағы қатысушылармен араласа алады деген жағдайда да қосыла алады. Бұл ретте директорлар Кеңесінің осы мүшесі директорлар Кеңесінің бетпе-бет кездесуіне жеке қатысушы болып табылады және оның дауыс беруге және кворумда есепте болуға құқығы бар.

Күн тәртібі бойынша директорлар Кеңесімен ұсынылған жазбаша пікір кворумды және дауыс беру нәтижелерін есептеу кезінде ескеріледі, онда күн тәртібі бойынша жазбаша хаттама бағыттау жолымен директорлар Кеңесінің мүшесін сайлау туралы жазба келтіріледі.

Күн тәртібінің мәселелері бойынша жазбаша көзқарас директорлар Кеңесінің мүшесіне директорлар кеңесінің отырысын өткізгенге дейін 1 (бір) күнтізбелік күннен кешікпей ұсынылуы қажет.

53. Директорлар Кеңесі Төрағасының қалауы бойынша оның қарауына шығарылған мәселелер бойынша директорлар Кеңесінің шешімін қабылдау сырттай дауыс берілуі арқылы мүмкін.

Директорлар кеңесі сырттай дауыс беру арқылы шешімдер қабылдаған кезде Директорлар Кеңесі отырысының күн тәртібін өзгертуге және (немесе) толықтыруға болмайды.

54. Сырттай дауыс беру бюллетеньдерінің мазмұнына қойылатын талаптар директорлар Кеңесі туралы ережеде белгіленеді.

55. Отырыстың күн тәртібіндегі сұрақтар бойынша мәліметтерді тіркеумен сырттай дауыс берудің бюллетені директорлар Кеңесінің мүшелеріне отырысты өткізу күнінен үш жұмыс күн бұрын жіберілуі қажет, егер басқа мерзімдер директорлар Кеңесі туралы Ережеде қарастырылмаған болса.

56. Толтырылған сырттай бюллетеньге директорлар Кеңесінің мүшесі қол қоюы керек.

Дауыстарды санау кезінде бюллетеньде анықталған, дауыс берудің тәртібі директорлар Кеңесінің мүшесімен сақталған және дауыс берудің тек бір нұсқасы ғана белгіленген мәселелер бойынша дауыстар ескеріледі.

57. Сырттай дауыс беру арқылы шешім белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерде кворум болған жағдайда қабылданды деп танылады.

Директорлар Кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде қабылдануы және оған Корпоративтік хатшы мен директорлар Кеңесінің Төрағасы қол қоюы тиіс.

Сырттай дауыс беру жолымен директорлар Кеңесімен қабылданған шешімдер мен сырттай дауыс берудің қорытындылары

Корпоративтік хатшымен солардың негізінде осы шешім қабылданған бюллетеньдерді қоса тіркеу арқылы шешімге қол қойған 20 (жиырма) күннен кем емес мерзімде директорлар Кеңесінің мүшелеріне жолданылуы қажет.

58. Директорлар кеңесі осы баптың 24-тармағы 1), 2), 6), 8)-10), 12)-15), 17), 19), 26)-30) 38), 40) тармақшаларында көрсетілген мәселелерді сырттай отырыстарда ғана қарайды.

59. Бетпе-бет кездесу отырысында қабылданған директорлар Кеңесінің шешімдері хаттамада тіркеледі және директорлар Кеңесі туралы Ереженің және Заңның талаптарына сәйкес рәсімделеді.

60. Сырттай дауыс беру жолымен қабылданған директорлар Кеңесі отырысының Хаттамалары Қоғамда сақталады.

Корпоративтік хатшы директорлар Кеңесі мүшесінің талабы бойынша 10 (он) жұмыс күнінің ішінде директорлар Кеңесі (директорлар Кеңесі комитеттерінің) оған директорлар Кеңесінің хаттамасын және (немесе) сырттай дауыс беру жолымен қабылданған шешімін танысу үшін ұсынады және (немесе) Корпоративті хатшының қолымен және мөрдің баспа таңбасымен расталған хаттаманың көшірмелерін және шешімдерін береді.

61. Директорлар Кеңесіне қатыспаған немесе Заңмен және Жарғымен белгіленген тәртіпте бұзылған шешімге қарсы дауыс берген Қоғамның директорлар кеңесінің мүшесі оны сот жүзінде дауластыра алады.

62. Егер көрсетілген шешіммен Қоғамның және (немесе) Жалғыз акционердің заңды мүдделері мен құқықтары бұзылған болса, Жалғыз акционер Заң мен Жарғының талаптарын бұзумен қабылданған Қоғамның директорлар Кеңесінің шешімін дауластыра алуға құқылы.

9-бап. Басқарма

63. Басқарма Қоғамның алқалы атқарушы органы болып табылады, оның құзыретіне Заңмен, Қазақстан Республикасының басқа заңнамалық актілерімен және Қоғамның лауазымды тұлғалары мен басқа органдарының құзыреттілігіне қатысты емес Қоғамның қызметінің барлық мәселелері бойынша шешімдер жатады. Басқарма Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

64. Кеңес мүшелерінің саны үш адамнан кем болмауы тиіс.

65. Жалғыз акционердің өкілдері және Қоғамның қызметкерлері Басқарма мүшелері бола алады.

Басқарма мүшелері Басқарма отырыстарына қатысу арқылы Қоғамның қызметін басқарады.

Басқарма мүшесі басқа ұйымдарда Директорлар кеңесінің келісімімен ғана жұмыс істеуге құқылы. Басқарма мүшесінің бәсекелес ұйымдарда директорлар кеңесі немесе атқарушы орган мүшесі

лауазымдарын атқаруға құқығы жоқ.

Басқарма Төрағасы (Бас директор) атқарушы органның жетекшілік лауазымында болуға немесе басқа заңды тұлғаның атқарушы органының қызметін жалғыз іске асырушы тұлға бола алмайды, сондай-ақ бәсекелес-ұйымдарда директорлар кеңесінің немесе атқарушы органның лауазымын алуға құқығы жоқ.

Басқарма төрағасы мен мүшелері үш жылға дейінгі мерзімге сайланады. Басқарма мүшелерінің өкілеттік мерзімі (Басқарма төрағасын (Бас директорды) қоспағанда) жалпы Басқарманың өкілеттік мерзіміне сәйкес келеді.

66. Басқарманың құзыреті:

- 1) Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындау;
- 2) Директорлар кеңесінің және Жалғыз акционердің қарауына енгізілген мәселелерді алдын ала қарау және бекіту;
- 3) Қоғамның даму жоспарын (бизнес-жоспарын) әзірлеу, бекіту және Директорлар кеңесінің қарауына енгізу;
- 4) Қоғамның Даму жоспарын (бизнес-жоспарын) іске асыру;
- 5) Қоғамның директорлар Кеңесімен бекітілген даму Жоспарының (бизнес-жоспарының) шеңберінде Қоғамның бюджетін (егжей-тегжейлі) бекіту, Қоғамның бюджетін (егжей-тегжейлі) іске асыру және орындау;
- 6) Қоғамның дивиденттік саясатына қатысты ұсыныстарды дайындау, есептік қаржы жылы бойынша Қоғамның таза табысын бөлу тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына есептегендегі дивидендтердің мөлшерін анықтау бойынша директорлар Кеңесіне ұсынымдарды қарауға, қолдауға және ұсынуға беру;
- 7) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін дайындау және алдын ала бекіту үшін директорлар Кеңесіне ұсыну;
- 8) Қоғам қызметінің нәтижелері туралы жылдық есепті дайындау және директорлар Кеңесіне бекітуге ұсыну;
- 9) «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіпте бекітілген Қор тобының Қайырымдылық бағдарламасына сәйкес, Қоғаммен қайырымдылық (демеушілік) көмегін көрсету туралы шешім қабылдау;
- 10) Қоғамның басқа заңды тұлғалар акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он пайызынан азын сенімгерлік басқаруға беруі туралы шешім қабылдау;
- 11) Қоғамның орталық аппараты мен филиалдарының/өкілдіктерінің штат кестесін бекіту;
- 12) қызметкерлерінің жалпы санын және Қоғам филиалдарының/өкілдіктерінің құрылымын бекіту;
- 13) Қоғамның өкімшілік қызметкерлеріне еңбекақы төлеу және еңбекақы төлеу схемасы туралы қағидаларды бекіту (атқарушы

органның басшысы мен мүшелерін, қызметкерлерді қоспағанда, Қоғамның Директорлар кеңесінің құзыретіне жататын сыйақылар мен сыйлықақылар шарттарын анықтау);

